

А4 Пішін
Формат А4

Нысанның БҚСЖ бойынша коды
Код формы по ОКУД

ҚҰЖЖ бойынша ұйым коды
Код организации по ОКПО

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Министерство национальной экономики Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 017 /е нысанды медициналық құжаттама
Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының атауы Наименование государственного органа санитарно- эпидемиологической службы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шардара аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Шардаринское районное Управление охраны общественного здоровья Департамента охраны общественного здоровья Южно-Казахстанской области Комитета охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 мая 2015 года № 415

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды

Санитарно-эпидемиологическое заключение

№ X.12.X.KZ87VBS00074228

Дата: 16.06.2017 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі

(беймәлімге берілген немесе қайта жасалынған нысанардың, жобаның құжаттарының, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, көпкітердің және т.б. атауы) (полное наименование объекта, отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкции или ввода в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности, работ, продукции, услуг, транспорт и т.д.)

Жүргізілді (Проведена) Заявление от 16.06.2017 17:28:23 № KZ79RBP0007434

откілігі, ұлты, қолы бойынша, жоспары және басқа да түрде (күйі, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановой и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) Коммунальное государственное учреждение Общия средняя школа имени Курмангазы Сағырбайұлы"отдела образования Шардаринского района, Шардара қаласы, Байсейітов көшесі, № 15

(шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің тегі, аты, өкесінің аты, қолы.
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

обризование

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (вид деятельность)

4. Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) қажет етілмеді

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) ТККК ҰСО ШЖКРМК ОКО бойынша филиалы Шардара аудандық бөлімінің 05.04.2017ж. №17 судың микробиологиялық зерттеу хаттамасы, 05.04.2017ж. № 144-149 жарық өшім хаттамасы, 05.04.2017ж. №193-200 жабық үй-жайлардың ауа үлгісінің хаттамалары.

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) қажет етілмеді

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются) қажет етілмеді

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, ү технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (условий, технологий, производств, продукции)



Мектеп Шардара қаласы, Байсейітов көшесі, №15 мекенжайда орналасқан. Типтік 2 қабатты 1 корпус және ыңғайластырылған 1 қабатты 5 корпус ғимараттарынан тұрады. Мектеп ауласының жалпы көлемі 2,5221м² қоршалған, қоғалдандырылған аумақ көлемі 8721м². Улы жемісті, мамықты тұқымдар беретін ағаштар мен бұталар жоқ. Кіру және көлікпен кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға, көкжиек жинайтын алаңдарға, санитарлық-ауалық қондырғыларға өтетін жолдары асфальттанған, көлемі 2639м². Қоқыс жинағыш ғимараттан 25м қашықтықта орналасқан.

Жиналған қоқысты өз күштерімен шығарады, тексеру сәтінде жиналған қоқыстың шығарылғандығы анықталды. Мектеп ауласында: негізгі ғимараттар, демалыс, дене шынықтыру - спорт және шаруашылық орналастыру аймақтары, 2 насос қондырғысы, кешенді трансформаторлық подстанциясы орналасқан, бір 3 фазалық трансформаторлық қондырғы және резервтегі дизельдік генераторымен, ауа-таза ұсталуда. Демалыс аймағында көлеңкелік бастырмасы бар беседка орнатылған. Дене шынықтыру спорттық аймағының көлемі 2400м², жабдықтары және спорттық снарядтары, жүгіру жолы, секіруге арналған шұңқырлары бар қозғалыс ойындарына (футбол алаңы, баскетбол және волейболға) арналған алаңдар бар, балалардың жас және бой ерекшеліктеріне сәйкес орнатылған, беттері тегіс және таза ұсталуда. Секіруге арналған шұңқыр құммен толтырылған. Шаруашылық орналастыру аймақтарында қосалқы қатты отынға арналған қойма бастырмасы орналасқан. Аулада 6 орындық санитарлық-ауалық қондырғы орнатылған, көлемінің үштен екі бөлігінің толуына байланысты тазартылған, іштері тексеру сәтінде тазартылған, залалсыздандыру зат ерітіндісімен өңделгендігі анықталды. Аулада резервуарлар орнатылған: 2 өртке қарсы суға арналған 100м³, 1 ауыз суға арналған 25м³ және 1 лас суға арналған 30м³. Арнайы ғимаратта жылу қазандығы орналасқан. Ғимарат ірге тасы-денталық арматурамен торланған, монолиттік, В12,5 класының бетонынан. Кабырғасы кірпіш. Шатыры болаттық профильдік жапқышпен Н60.845-0,7 ГОСТ 24045-94 жабылған. Есік МДФ, терезелер пластиктен, едені бөлмелердің қызметіне қарай әрленген. Мектеп типтік 200 орынға арналған «А» корпусынан және ыңғайластырылған 134 орынға арналған «Б», 100 орынға арналған «Б», 40 орынға арналған «В», 66 орынға арналған «Д», 60 орынға арналған «Ж» корпустарынан және қосалқы шаруашылық ғимаратынан тұрады. Типтік «А» оқу корпусының 1 қабатында: 4 сынып, әр сынып аумағы-50,60м², 2 зертхана аумағы-50,60м², 1 зертхана аумағы-14,25м², 2 зертхана аумағы-16,50м², шет тіл кабинетінің аумағы-35,46м², вестибюль-35,10м², гардероб 5-11 сыныптарға аумағы-26,80м², 1 санитарлық торап оқушыларға-15,90м², 1 санитарлық торап қыздарға арналған-16,60м², 1 санитарлық торап қызметкерлерге-7,67м², күзет бөлмесі-8,23м², дәліз-186,69м², шеберхана технология-50,60м², шеберхана ағаш-50,60м², шеберхана темір-50,60м². Медициналық кабинет бөлмелері типтік «А» оқу корпусының 1 қабатының оң жақ бөлігінде орналасқан, жалпы ауданы 33,52м², келесі бөлмелерден тұрады: дәрігердің және құжаттармен жұмыс жүргізу бөлмесі-15,96м², ем қабылдау бөлмесі-14,25м², санитарлық торап бөлмесі-3,31м². Асхана «А» корпусының 1 қабатындағы оң жақ бөлігінде орналасқан, келесі бөлмелерден тұрады: тамақтану залы-67,47м², ас үйдің аумағы-33,42м², асүйлік ыдысты жуу аумағы-15,24м², асханалық ыдысты жуу аумағы-5,85м², ет және балық даярлау бөлмесінің аумағы-9,46м², көкөніс даярлау бөлмесінің аумағы-7,30м², көкөніс қоймасы-8,08м², сусымалы қоймасы-7,55м², және қызметкерлер бөлмесі-8,55м² және санитарлық торап бөлмесі-2,57м², тоңазытқыш бөлмесі-5,76м², тамақ қалдықтарын сақтау бөлмесі-2,94м², дезинфекция құралдарының ерітіндісін даярлау бөлмесі-1,45м², дәліз-18,69м², тазалау жұмыстарын жүргізетін мұқаммалын сақтайтын бөлмесі-4,10м², жеке бас гигиенасын, сақтайтын бөлме-4,35м², дәліз-31,33м², аспаздық бөлмесі-18,54м². Спорт зал «А» корпусының 1 қабатындағы сол жақ бөлігінде орналасқан, келесі бөлмелерден тұрады: спорт залы-207,75м², 1 киім ауыстыратын бөлме-17,85м², 2 киім ауыстыратын бөлме-14,70м², снарядтарды сақтау бөлмесі-16,75м², тазалау жұмыстарын жүргізетін мұқаммалын сақтайтын бөлмесі-4,05м², дәліз-38,70м². Спорт залының ауданы бір спортпен айналысушыға 4 м² аудан нормасы сақталған. Типтік «А» оқу корпусының 2 қабатында: 6 сынып, әр сынып аумағы-50,60м², 2 информатика кабинеті, әр кабинет аумағы-50,60м², 1 шет тіл кабинеті-36,46м², алғашқы әскери дайындық кабинеті-36,70м², қару-жарақты сақтау бөлмесі-5,56м², дәліз-178,3м², есепші бөлмесі-13,60м², мұғалімдер бөлмесі-31,63м², зертхана-18,08м², директор бөлмесі-34,38м², қабылдау бөлмесі-15,50м², 1 санитарлық торап оқушыларға-15,90м², 1 санитарлық торап қыздарға арналған-15,90м². Типтік «А» оқу корпусының 2 қабатындағы сол жақ бөлігінде келесі бөлмелер орналасқан: 70 орындық акт залы-67,00м², эстрада-15,01м², әртістер бөлмесі-13,81м², кітапхана-67,36м², архив, кітап сақтайтын бөлме-19,00м², қызметкерлер бөлмесі-10,05м², дәліз-45,85м², шаруашылық ісі жөніндегі директор орынбасарының бөлмесі-15,90м², тазалау жұмыстарын жүргізетін мұқаммалын сақтайтын бөлмесі-4,07м², оқу ісі меңгерушісінің бөлмесі-18,15м², 1 санитарлық торап қызметкерлерге-3,00м².



Жарык жүйесі. Оқу үй-жайларында сол жақты бүйірден жарықтандыру көзделген. Жалпы жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделген. Жарык жүйесі жасанды жарықтандыру үшін люминисценттік және қыздыру шамдары қарастырылған. Бір үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолдануда, қорғау плафондары бар, күйгені уақытылы ауыстырылған. Типтік «А» корпусында жасанды жарықтандыру үшін люминисценттік шамдар орнатылған және сынып тақталарына параллель люминисценттік екі шаммен жарықтандыру қарастырылған. Үй-жайластырылған корпусарда жасанды жарықтандыру үшін қыздыру шамдары қарастырылған. Оқу-өндірістік шеберханаларда, спорт залдарында екі жақты табиғи бүйірден жарықтандыру және аралас (үстінгі және бүйір жақтан) жарықтандыру қарастырылған. Мектеп аумағында және санитариялық-аудалық қондырғыларда жасанды жарықтандыру орнатылған.

Мектеп қажетті арнайы қатты және жұмсақ мүкәммалмен қамтылған. Мектептің жиһазы мен жабдығы балалар мен жасөспірімдердің бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Жабдықтың жиынын саны мен көлемін мекеменің бейініне, үй-жайлардың ерекшелігіне және қауіпсіздік техникасын сақтауды есепке ала отыра қамтылған. Порта, үстелдер, шкафтардың түсі табиғи ағаш түстес, өлшемдері талапқа сай. Физика, химия, биология комплект сыныптарында қажетті аппараттар, ыдыстармен және жабдықпен қамтылған. Мектепте компьютерлік және мультимедия кабинеттері бар, қажетті компьютерлер санымен және арнайы жиһазбен қамтылған. Компьютерлер орналастырылған үй-жайлар қорғанышы жерге тұйықталған. Алғашқы әскери дайындық кабинеті қаруды сақтайтын темір шкаф, қаруды тазалайтын үстел бар.

Спорт зал қажетті спорттық жабдықтармен 8-гимнастикалық скамейкаларымен, 1-бұрылу үстелі, 2-баскетбол сеткасы, 8-гимнастикалық сеткасымен, 1-гимнастикалық көлденең ағаш, 1-гимнастикалық көздел, 1-гимнастикалық сақина, 1-гимнастикалық ат, 1-гимнастикалық бөрене, 20-кіім ауыстыратын ағаш, 2-гимнастикалық мат, 2-гимнастикалық каят, 1-сетка волейбол. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін жағдай жасалынған, сулы сабын және бір реттік салфеткалардың қажетті санымен қамтылған. Тазалық жұмыстарын жүргізетін мүкәммал саны жеткілікті, барлығына таңбалары жазылған. Акт залы-жиналатын экран-3, перде 60м2, қараңғылату пердесі 8м, секциялық орындықтар-35. Мектептің медициналық қызмет көрсету үшін медициналық кабинет оқу корпусының бірінші қабатындағы, оң жақ бөлігінде орналасқан.

Ішкі әрленуі жұмыс жүргізу және ем-шара қабылдау бөлмелерінің қабырғалары 2м биіктікке эмальмен сырланған, қалғаны және төбесі сырлы негізіндегі эмульсиямен сырланған, едендеріне жұмыс жүргізу бөлмесіне линолиум, ал ем-шара қабылдау бөлмесіне кафель төселген, қалған қабырға және

Санитарлық торап бөлмесінің қабырғалары 2м және еденіне кафель төселген, қалған қабырға және төбесі төбесі сырлы негізіндегі эмульсиямен сырланған. Екі бөлменің есіктері ағаштан, терезелері пластиктен. Ішкі әрлену дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, ылғалды әдіспен тазалау жұмыстарына жүргізуге төзімді, тегіс.

Барлық қажетті медициналық жабдықпен, қатты және жұмсақ жиһазбен қамтылған. Жұмыс бөлмесінде шкаф-2, үстел-4, орындық-6, тонометр-1, фонендоскоп-1, бой өлшегіш-1, таразы-1, кушетка-2, ширма-1, үстел үсті лампы-1, қайшы-1, көздің көруін бақылау кестесі-1, сантиметр лентасы-1, шиналар-2.

Егу бөлмесінде тоназытқыш-1, медициналық шкаф-1, кварц шамы-1, термосумка-1, медициналық үстел-1, кушетка-1, бикс-2, педальді шелек-1, вакциналардан босаған флакондарды залалсыздандыратын ыдыс-1, мұздатқыш элементтері-4, ягут-2, пинцет-1, грелка-1, лоток-3, төсек жаймасы-1, бір реттік рулон салфеткалары 2 бар. Медициналық кабинетте 30 дана термометр, 100 дана бір реттік шпатель, перчатка 100 дана және бет перделер 100 дана бар, жеткілікті көлемде. Қабырғалы кварц шамы орнатылған. Шотқа қарсы және вирусқа қарсы дәрілік препараттар толығымен бар, сақтау ережесі және сақтау мерзімі бұзылмаған. Қолданылған медициналық қалдықтарды салатын арнайы қорапша бар. Тоназытқыштың ішінде талапқа сәйкес 2 термометр орнатылған. Жұмыс жүргізу үшін қажетті журналдар арналған. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін сұйық сабын және сүлгі, бір реттік орама салфеткалары бар. Қолды өңдеу үшін «Альфапирокс» 1 литрлік ерітіндіден 1 данасы бар, шығарылған мерзімі 2015 жыл, сақтау мерзімі 3 жыл.

Медициналық кабинетті залалсыздандыруға 2 банка «Дюир хлор» қоры бар, шығарылған мерзімі 2015 жыл, сақтау мерзімі 3 жыл, қоры 2,5 кг. Медициналық қалдықтарды жинауға арнайы қораптармен қамтылған, шығаруға арнайы ЖШС «Ижу Маржан и КО» мекемесімен 23.01.2017 жылғы № 2 келісім-шарт түзілген.

Қызметкерлер сапы - 2, уақытылы медициналық байқаудан өткен. Арнайы жұмыс киімдерімен қамтылған. Кабинетте тазалық жұмыстарын жүргізетін мүкәммал саны жеткілікті, барлығына таңбалары жазылған.

Асханада технологиялық жабдықтардан: 1-тұрмыстық тоназытқыш, 1 асқа арналған мармит пеші-1, 2



Типтік «А» оқу корпусының 2 қабатындағы оң жақ бөлігінде келесі бөлмелер орналасқан: 1 мультимедия сыныбы аумағы-50,33м², дәліз-25,04м², гардероб 1-4 сыныптарға аумағы-23,31м².

Мектеп аудасында ыңғайластырылған «А» корпусында жалпы ауданы-384,5м², келесі бөлмелер орналасқан-10 сынып бөлмелері, оқу ісі меңгерішісінің бөлмесі, персонал бөлмесі, тазалау жұмыстарын жүргізетін мұқаммалын сақтайтын бөлмесі, дәліз.

Мектеп аудасында ыңғайластырылған «Б» корпусында жалпы ауданы-270,0м², келесі бөлмелер орналасқан-5 сынып бөлмелері, кадр бөлмесі, архив, персонал бөлмесі, тазалау жұмыстарын жүргізетін мұқаммалын сақтайтын бөлмесі, дәліз.

Мектеп аудасында ыңғайластырылған «В» корпусында жалпы ауданы-156м², келесі бөлмелер орналасқан- 4 сынып, 4 шағын орталық бөлмелері, дәліз.

Мектеп аудасында ыңғайластырылған қосалқы корпусында жалпы ауданы-29,75м², шаруашылық бөлмелер орналасқан.

Мектеп аудасында ыңғайластырылған «Д» корпусында жалпы ауданы-270,9м², келесі бөлмелер орналасқан-4 кабинет бөлмелері, кіші спорт зал, қосалқы-2 бөлме, дәліз.

Мектеп аудасында ыңғайластырылған «Ж» корпусында жалпы ауданы-312,4м², келесі бөлмелер орналасқан-акт зал, 5 кабинет, қосалқы бөлмелер, дәліз.

Ішкі әрленуі талапқа сай жүргізілген- қабырға және төбесі эмульсиямен сырланған, едендері ағаш, сырланған. Спорт зал едені ағаштан, еденнің беті тегіс, ойықсыз және зиянсыз. Зал қабырғаларының шығыңқы жерлері жоқ. Батареялар терезе астындағы қуыстарда орналастырылып, торлармен жабылған.

Терезелерде және жарықтандыру құралдарында қоршау құрылғылары орнатылған. Есіктері МДФ, терезелері пластиктен.

Асханаға қарасты барлық бөлмелердің, медициналық кабинеттің, оқушылар және қызметкерлердің жеке бас гигиенасын сақтау бөлмелерінің қабырғасының 1,8м биіктікке және едендеріне кафель орнатылып, төселген. Қолжұғыштарды пайдалану қабырғалары еденнен 1,8 м биіктікте және жап-жағынан 20 сантиметр шығып тұратындай етіп, кафель орнатылған. Енбекке баулу шеберханалардың едені, химия кабинеттері мен зертханалық кабинеттердің едені ағаштан майлау жегізіндегі эмальмен сырланған. Барлық бөлмелердің қабырғаларының, еденнің және жабдықтың үсті жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып ылғалды әдіспен тазалау жұмыстарын жүргізуге тегіс және төзімді. Есіктері МДФ, терезелері пластиктен.

Тұтыну үшін қажет ететін су және кәріз жүйесі қарастырылған:

Мектеп қолданыстағы суды орталықтандырылған су жүйесінен алады, типтік корпусқа толығымен кіргізілген. Ыңғайластырылған оқу корпустарына тасымалданады. Шаруашылық және ішуге арналған сыртқы су жүйесі Д110мм (ПЭ) су құбырлары арқылы орталық жүйеге қосылған, полиэтилен және шойын О20мм и 50мм ГОСТ 18599-2001 және ГОСТ 3262-75 сәйкес трубалардан жүргізілген.

Мектептің типтік «А» корпусының дәретханаларында, жеке гигиенаға арналған бөлмелерінде, медициналық қызмет көрсету бөлмелері және ас блогында тамақ өнімдерін өңдеу және тамақ дайындау технологиялық процестерінде, асханалық ыдыстарды, жабдықты, мұқаммалды жуу, үй-жайларды санитариялық өңдеу және жеке гигиена үшін пайдаланылатын ыстық су жүйесі «Аристон» 80л.50л.30л су жылытқыш қондырғысы орнатылған. Ыңғайластырылған оқу корпустарында суды жылытып қолданылады. Оқушыларға ішуге арналған сапалы ауыз су беру ұйымдастырылған, мектеп орналасқан көше бойындағы «Омега» су қондырғысынан тасымалданып беріледі. Тексеру сәтінде су қорын сақтайтын ыдыс және ішетін ыдыс санымен қамтылғандығы анықталды.

Кәріз жүйесі полиэтилен О 100-50мм ГОСТ 6942.0-98 сәйкес трубалардан жүргізілген. Кәріз жүйесі типтік «А» корпусының орталықтандырылған. Әрбір қабатында және жеке блоктарында ұлдарға және қыздарға, сондай-ақ педагогтар мен қызмет көрсететін персоналдарға арналған бөлек санитариялық тораптар көзделген. Ыңғайластырылған корпусстар үшін мектеп аудасында 6 орындық санитарлық-аулалық қондырғы орнатылған. Мектепте оқушылардың және персоналдың жеке гигиена қағидаларын сақтауға жағдай жасалған, қол жуу үшін жаңа корпусқа раковина кранымен, ал ескі корпусқа суды қолмен құятын жуғыштар орнатылған, саны жеткілікті.

Жылумен қамтамасыз етілуі- мектеп аудасында арнайы ғимаратта орналасқан автономды 28.04.2016жылғы Z-300 маркалы қазандығы арқылы, массасы-966кг, қазандықтағы су мөлшері-400л, жұмыс температурасы 60-90 градус, қатты отын жағылады. Жүйе 2 трубалы, шойын радиаторлар орнатылған. Температура көрсеткішін өлшеу үшін барлық үй-жайларда термометрлер ілінген.

Желдету терезе және есік арқылы. Асханада механикалық ауа сорғыштар қарастырылған, Қалған бөлмелерде жергілікті шаңұстағыштармен және сорып шығару құрылғыларымен жабдықталған.



аска арналған мармит пеші-1, ыстық сусындарға арналған сөрі, асхана құралдарына арналған сөрі, электрплита 4 камфорлы, 2-тоназытқыш шкафы, 1-тамақ пісіретін электр-казаны, 1-таразы, 1-көкөністерді сақтайтын қобдишасы, 3-ыдыс жуу ваннасы бар үстел, 6- ыдыс жуу ваннасы, 5-өндірістік үстелдер, 3-подтоварниктер, 12-үстелдер 4 орындығымен, 7-тамақтанатын үстелдер, 6 орындығымен, 2-су жылытқыш қазаны, 6-сөрімен, 2-ыдысқа арналған шкаф.

Технологиялық тоназытқыш және жуу жабдықтарын орналастыру тамақты дайындау ағымдылығын есепке ала отырып жүзеге асырылған. Плиталар үстіне ауа сорғыш шкафы орнатылған. Өңдеу мүқаммалының қажетті саны бар, ағаштан, жарықтары жоқ, белгілері жазылған.

Талапқа сәйкес келетін, қажетті асүйлік және асханалық ыдыстар санымен және оларды жуатын шетка шүберектер және құралдармен қамытылған.

Тамақ қалдықтарын тастайтын арнайы ыдыс қаппағымен бар, белгісі жазылған. 2-қойма бөлмелері сөрелермен қамытылған. Бірінші көмек көрсету үшін дәрілік қобдиша бар. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін жағдай жасалынған, сулы сабын және бір реттік салфеткалардың қажетті санымен қамытылған. Тазалық жұмыстарын жүргізетін мүқаммал саны жеткілікті, барлығына таңбалары жазылған.

Шеберханалар қажетті жиназ және құрал-жабдықпен-шкаф-1, тігіп машинасыны арналған үстел-4, тігіп машинасы-4, пішін үстелі-1, слесарлық верстак-10, столярлық верстак-10, токарлы-винт кесетін станок-1, сверло станогі-1, фрезерлі станок-1, үстел үсті токарлі ағашқа арналған станок-1, электрлі қайрағыш-2 қамтамасыз етілген.

Мектеп қызметкерлер саны-157, олардың ішінде 12 бала күту демалысында, қалғандары уақытылы медициналық байқаудан өткен. Жинап-тазалау жұмыстарын жүргізетін мүқаммалының қажетті саны бар, таңбаланған. Мектептің техникалық персоналы арнайы киіммен қамытылған. Мектепте залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу үшін 5 қорап «Деохлор» қорының барлығы, шығарылған мерзімі 2013жыл, сақтау мерзімі 7жыл, 300 дана таблеткадан, ерітіндісі талапқа сәйкес дайындалған. Сумен қамтамасыз ету үшін аудандық білім бөлімімен МКМ «Шардара сервис» мекемесімен 19.04.2017жылғы №25 келісім шарты түзілген. Дератизация және дезинсекция іс шараларын жүргізу үшін аудандық білім бөлімімен арнайы ЖШС «Шардара дезинфекция» мекемесімен 22.05.2017жылғы №59 келісім-шарт түзілген.

